



№29 (10019)
13 сәуір,
сенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық аземіміз

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Аймақ жаңалықтары

Жаңа автовокзал жұмысын бастады

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласының сол жағалауында бой көтерген заманауи үлгідегі жаңа автовокзалдың ашылу рәсіміне қатысып, қала тұрғындарын құттықтады. Іс-шарада Қызылорда облысының Құрметті азаматы Айтбай Көшербаев жерлестерін құттықтады. Сондай-ақ нысан құрылысын сапалы жүргізуге атсалысқан мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің алғыс хатымен марапатталды.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы халыққа арнаған Жолдауында «Көлік-логистика саласы экономикамызды алға бастайтын басты күштің біріне айналуы тиіс» деген болатын. Автобустармен жолаушы тасымалдау – үлкен суранысқа ие қызмет. Жолаушылар мен жүк тасымалын ұлғайту, қызмет сапасын жақсарту мақсатында өткен жылы жаңа автовокзал салу жөнінде шешім қабылданды, Сырдың бас шаяры тағы бір өсем, заманауи нысанмен толықты. Құрылысшыларымыздың құрыш қолынан шыққан осы ғимараттан аттанған жолаушылардың жолы ақ, сапары сәтті болсын. Аймақ экономикасының кірісін еселейтін көліктер легі толастамасын. Ел мен елдің, ағайын-туыстың арасын жалғайтын татулықтың тұтқасы, сауда-саттық пен іскерлік байланыстың алтын көпірі болсын, – деді аймақ басшысы.

Жаңа автовокзал халықтың талап-тілегі мен суранысына сай 975 млн теңге бюджет қаражатына салынған. Мұнда жолаушылар мен жүргізушілерге, мүмкіндігі шектелуі азаматтарға барлық жағдай қарастырылған. Жолаушылар автовокзалдан халықаралық және түрлі бағыттағы 38 маршрут бойынша сапарға шыға алады.

Айта кетейік, соңғы жылдары Сыр өңірінде барлық саланың материалдық-техникалық базасын оның ішінде автопаркін жаңартуға басымдық берілуде. Қызылорда қаласындағы қоғамдық көліктің мәселесін түбегейлі шешу үшін жаңадан 300 автобус, мектеп оқушыларына 30 автобус, денсаулық сақтау саласына 70 жедел жәрдем көлігі, орманшыларға 95 техника, ветеринария саласының мамандарына 30, құдық қорғау органдарына 92 қызметтік автокөлік, төтенше жағдайлар қызметіне 17 арнайы техника алынды.

«Үлгілі елді мекен» облыстық байқауының жеңімпаздарына күнделікті ел турмысына ең қажетті деген заманауи үлгідегі 29 арнайы техника берілді. Биыл облыс тұрғындарының суранысына сәйкес барлық елді мекендегі денсаулық сақтау ұйымдарына 200 санитарлық автокөлік сатып алынбақ.

Қала тұрғындарына арзан бағамен тасымал қызметін көрсететін 100 экотакси 1 млрд теңгеге алынды. Электр қуатымен жүретін көліктер ортақ желі арқылы жұмыс жасап, жолаушыларды деген жеріне қауіпсіз жеткізеді.

Еске салсақ, былтыр «Қазақстан Темір Жолы» компаниясының және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен 600 млн теңгеге жуық қаржыға тоғыз жолдың торабындағы бас қақпа – теміржол вокзалы күрделі жөндеуден өтті. Аумағы абаттандырылып, жаңадан жарық шамдар орнатылды. Жақында «Қызылорда-Семей» бағытындағы жолаушылар пойызына 44 заманауи вагон алынып, толығымен жаңаланды. «Болат Өтемұратов» қорының қолдауымен 17 млрд теңгеге жуық қаржыға «Қорқыт Ата» әуежайының жаңа терминалы халықаралық талаптарға сай салынды. Ғимарат жақын арада пайдалануға берілмек.

«ЖЖ» ақпарат

Кеңес

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. ПРЕЗИДЕНТ ЕҢ АЛДЫМЕН ЖИЫНҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ҒЫЛЫМ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАП, БҰЛ МЕРЕКЕ ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ, ЗАҒҒАР ТҰЛҒА ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ТУҒАН КҮНІМЕН ТҰСПА-ТҰС КЕЛІП ОТЫРҒАНЫН АТАП ӨТТІ.



Президент: ғылым мықты болса, мемлекет те қуатты болады

Дәл бүгін академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толды. Біз ұлы Абайды қазақ руханиятының теміржолы, Ахмет Байтұрсынұлының Ұлт ұстазы дейміз. Ал Қаныш Сәтбаевты қазіргі қазақ ғылымының атасы деуге болады. Өздеріңіз білесіздер, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – халқымыздың біртуар перзенті. Еліміз өлі күнге дейін оның ғылыми жаңалықтарының игілігін көріп отыр. Әйгілі ғалымның мерейтойын жоғары деңгейде атап өту маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент еліміздегі су тасқынына байланысты қалыптасқан қазіргі ахуалға тоқталып, осындай кезде білікті мамандар мен ғалымдардың тапшылығы айқын сезіліп отырғанына назар аударды. Сондай-ақ Қазақстанда ғылымға жіті мән берілмегендіктен, еліміздің бұрынғы ғылыми өлеуеті мен инфрақұрылымын жоғалтып алғанымызды, осының салдары енді көрініп жатқанын айтты.

Мемлекет басшысы отандық ғылымды дамытуға қатысты бірқатар өзекті мәселе көтеріп, алдағы уақытта атқарылуы тиіс міндеттерді айқындап берді. Ол ең өуелі ғылымның өлеуетін техногендік және табиғи апаттарды болжау, климаттың өзгеруіне қарсы күресу үшін барынша пайдалану маңызды деп санайды.

Ашығын айтсақ, төтенше жағдайдың алдын алу ісінде айтарлықтай оқылқытар бар. Бұл – жылдар бойы жетімізін таппаған мәселелер. Ең алдымен – білікті мамандардың тапшылығы. Тиісті ғылыми қорытынды сапалы жасалмайды. Сондықтан жұмыс тәсілін түбегейлі өзгерту керек. Тараздағы гидрометеорология-құрылыс институтын қайта қалпына келтіру жөнінде шешім қабылдадық. Оқу орнын материалдық-техникалық тұрғыдан толық жабықтау керек. Сейсмология институтының жағдайы да мез емес. Үкіметке осы институттың ғылыми өлеуетін арттыруға қатысты нақты ұсыныстар дайындауды тапсырдым. Сондай-ақ сейсмологияны және сейсмикалық режимді бақылау құралдарын дамыту бойынша пайдалы ұсыныстар әзірленуі тиіс. Менің тапсырмаммен Алматы аумағына арнайы сейсмологиялық зерттеу жүргізіледі, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек Президент энергетикалық апатты, эпидемияны, қуаңшылықты болжау және оның алдын алу мәселесінің маңыздылығын атап өтіп, жауапты министрліктерге тиісті саланы, ал өкімдіктерге аймақтарда дамыту бағдарламаларын қайта қарау міндетін жүктеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллектті қолдану өлеуетіне ерекше тоқталды. Қазір Үкімет Жасанды интеллектті дамыту стратегиясын және Цифрлық кодексті әзірлеп жатыр. Сонымен қатар Президент университеттердегі кадр тапшылығы, ғылыми жұмыстардың сапасыздығы, өндіріс орындарымен тұрақты байланыс болжау, климаттың өзгеруіне қарсы күресу үшін барынша пайдалану маңызды деп санайды.

Мемлекет басшысының пікірінше, тағы бір маңызды мәселе – еліміздің жоғары оқу орындары арасындағы өңірлік теңсіздік. Мықты университеттердің көбі Астана мен Алматыда орналасқан. Бұл ішкі көші-қон жүйесінің бұзылуына және өңірлердегі кадр тапшылығына әкеп соқтырады.

Мемлекет басшысының пікірінше, тағы бір маңызды мәселе – еліміздің жоғары оқу орындары арасындағы өңірлік теңсіздік. Мықты университеттердің көбі Астана мен Алматыда орналасқан. Бұл ішкі көші-қон жүйесінің бұзылуына және өңірлердегі кадр тапшылығына әкеп соқтырады.

Осыған байланысты Қасым-Жомарт Тоқаев ғылым мен жоғары білімнің біртұтас дамуын қамтамасыз ету үшін бұған дейін 15 өңірлік және 5 педагогикалық жоғары оқу орнының базасында Академиялық басымдық орталықтарын құруды тапсырғанын еске салды. Бұл ретте Үкімет жоғары оқу орындарының зерттеушілік бағытын дамыту үшін перменді механизмдер әзірлеуі қажет.

Президент ғылымның кадрлық өлеуетін қиындау туралы сөз қозғап, жас ғалымдарды жан-жақты қолдаудың маңыздылығына ерекше тоқталды.

– Грант арқылы жүзеге асырылатын жобалардың үштен бірі жас ғалымдарға тиесілі. Өрине мұндай жобалардың санынан гөрі, сапасы маңызды. Жыл сайын жас ғалымдарға байқаулар арқылы берілетін гранттың қаржы көлемін арттыру керек. Қазір жас ғалымдарымыз өлемдегі жетекші зерттеу орталықтарында тәжірибеден өте алады. Бұл – жақсы үрдіс. Оны жалғастыра беру қажет. Менің тапсырмаммен жүзеге асырылып жатқан «Жас ғалым» бағдарламасының тиімді екенін көріп отырмыз. Оның ауқымын кеңейту керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Президент магистратура және докторантура бағдарламасына арналған гранттың құнын арттыру, ірі өндірістік компаниялармен бірге «индустриалды PhD» даярлау механизмін әзірлеп, қолданысқа енгізу, еліміздің жетекші жоғары оқу орындары мен шетелдік университеттердің филиалдарын экономикамыздың басым салалары үшін ғалымдар мен білікті мамандарды жедел даярлау ісіне жұмылдыру, инженерлік-техникалық кадрларды даярлаудың ұлттық моделін әзірлеу, өңірлік жоғары оқу

орындарының базасында озық инженерлік мектептер ашу, әр өңірдің белгілі бір салаға мамандануын көрсететін Өңірлік экономика атласын дайындау жөнінде тапсырма берді.

Мемлекет басшысы қазір Парламентте «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң жобасы талқылап жатқанын атап өтіп, бұл құжат ғылымның дамуына зор серпін беретініне сенім білдірді.

– Кезінде халқымыздың көрнекті тұлғалары мен қайраткерлерінің де ағартушылықпен айналысқаны тегін емес. Қазір жас ғалымдардың заманы туды. Сіздер ұсынған ойлап тапқан жобалардың игілігін бүкіл еліміз көруі керек. Бір сөзбен айтқанда, сіздер сияқты ғалымдар Отанымыздың ғылыми-техникалық даму көшін бастауы керек. Себебі ғылым мықты болса, мемлекет те қуатты болады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар жиында Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, «География және су қауіпсіздігі институты» АҚ басқарма төрағасы, академик Ахметқал Медеу, Назарбаев университеті жанындағы «National Laboratory Astana» ғылыми мекемесінің бас директоры, профессор Дос Сарбасов, «Young Researchers Alliance» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары, PhD докторы Бейбіт Әбдіқенов, Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті қолданбалы механика және инженерлік графика кафедрасының меңгерушісі Айдархан Қалтаев және тағы да басқа ғалымдар сөз сөйлеп, өздерінің ұсыныс-пікірлерін ортаға салды.

Ерлан АНУАРҰЛЫ

Егінжай – 2024

Көктемгі науқан: дала жұмыстары қарқынды

Ауылдарға сапарымызды аяқтап, үлкен жолдың бойында Жалағашты бетке алып келеміз. Аспалы көпірге 200-300 метр қалғанда оң жағымыздағы алқаптарда шаңды бұрқыратып жарықты техникалар дала жұмыстарына қызу кіріскен. Ондағы еңбек адамдарымен тілдесіп, шаруашылықтардың бүгінгі тынысымен танысу мақсатында орта жолдан бағытты өзгерттік.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Қара жолда шаңды бұрқыратып біз де даланы дүбірге толтырған механизматорларға жақындап келеміз. Канал жиегін бойлап келе жатқанымыз сол еді, алдымыздан тағы бір көлік көлбең етті. Қуып жетіп, алқап басына алып баруын өтіндік. Амандық-саулық сұрасып, бізге жол бастаған ағамыз Оразбек Төреқұлов өлгі механизматорлардың бригадирі екен. Сөзінше, шаруашылық өткен жылды оң нәтижемен қорытындылаған. Биыл да жеке сол мақсат ортақ, «күзгі науқанда қырманды астыққа толтырсақ» дейді.

Орекен «Байтабын» шаруа қожалығында 1991 жылдан бері еңбек етіп келеді. Ең бірінші жұмысқа орнасаң шағы өлі күнге кез алдында, ол тұста шаруашылықтардың енді құрылып жатқан шағы, сондықтан жеке қожалықтарда айтарлықтай жағдай



да болмаған. Техниканың бірін іске қоссаң, келесісі қирап жатады, диқандарда сападан санға мән беруден басқа алып бара жатқан тәжірибе де аз. Қазіргідей өнім сапасын жақсартуға қабілетті тыңайтқыштар атымен жоқ. Сол тұста бүгінгі бригадир комбайнер де болған күрші те екек, механизматор болып, техникалардың жұмыс істеуіне жағдай жасаған. Сол еңбектің өтеуі шығар,

сіре, Оразбек Төреқұлов 2020 жылдан бері аталған шаруашылықта бригадир болып еңбек етіп келеді.

Атыдарда қос техника бір-біріне қарама-қарсы жерді сүдігерлесе, келесі картада тағы бір трактор шаңды бұрқыратып жатыр, артынан «Лазер» тіркемесі бар баяғы К-700 жыртылған жерді тегістеп келеді. Механизматорлардың аузын бақсақ, жер

жыртудың да өзіндік тәсілі бар. Сыртынан қараған жанға сүдігер соққанды төмен түсіріп, бауу қозғалсаң жеткілікті сияқты. Бірақ мүлде олай емес, әр жердің ой-шұқырын, биіктігін анықтамай, мамандар жер жыртуға бір қадам да баспайды. Соны анықтап алғаннан кейін биік жерді төменге сұлата береді екен.

Жердің тегістігіне келсек, бұл өнім сапасына тікелей әсер етеді. Өйткені күрші

суға толық бастырылмаса, күрмең басады. Ал күрмең басқан күршітен қандай сапалы өнім күтесіз? Бұл сауалдардың мұндағы еңбек адамдары тәжірибемен түйінін тартқан.

Шаруашылық негізінен көктемгі дала жұмыстарын наурыз айында бастапты. Ал 10 сәуірде жерге соқа салды, қазірдің өзінде жарақты 3 техника 30-40 гектар алқапты сүдігерлеп үлгерген. Алдағы он күндікте бұл жұмыстар да тәмам болатын түрі бар.

Майталман механизматор Рүстембек Төреқұлов тұқым себуге дейін егістік 4-5 мәрте өңдеуден өтетінін айтады. Алдымен алқапқа «Фосфор» себіледі, содан кейін барып соқа түседі. Жыртылған жер «Лазермен» тегістеліп, бетіне тағы тыңайтқыш себіледі. Одан кейін егістік топырағын арнайы техникамен араластырады. Сонан соң тұқым себіліп, артынан күрші суға бастырылады.

Дала дарабоздарының осындай мәліметіне қаныққан біз өлгідей жағдайдан шаруашылықтың бүгінгідей жоғары дәрежеге қалай жеткенін түсіне қойдық. Кез келген ауыл еңбеккерін өңімге тартсаң, жұмысына жауапты, ісіне мығым. Ал мұндай ұжымның уақытында кез келген тығырықтан шығар жол табатынына күмән жоқ.

Былыр шаруашылық 1300 гектар алқапқа Сыр салысын сепкен, аяқ су тапшы болғанын Орекең жасырмайды. Бірақ диқандар мөжелі өнімге қол жеткізіпті. Сушылар әр гектардан 70 центнер өнім жиды. Алды 80 центнерден жоғары күрші алған.

ЖАЛҒАСЫ 3-БЕТТЕ

Бөлімдегі бір күн

Аналар алғысын алған

Жұма. Сағат тілі таңғы 9:25 ті көрсетіп тұр. Әдеттегідей жұмыста кезекті мақаламның тақырыбын тарқатып отырғанымда жақын құрбымнан қоңырау түсті. Айтуынша, ол ай-күні жетіп, перзентхана бөліміне түскен. Босану барысында жанына серіктес керектігін айтып, келуімді сұраған бойда, дереу перзентхана бөліміне қарай бет алдым.



Зыр жүгіріп жүрген мейірбикелердің аяқ алысынан құрбыма көмектесуге қарай бет алып бара жатқанын ұғып, босану залына қарай беттедім. Менің келуімді күткендей, кірген бойда құрбым білікті дәрігерлердің көмегімен аман-есен кестетігер ханшайымын босанды. Баланың кіндігі кесіліп, алғашқы екпесі де салынды. Ана мен баланың саулығын басты назарда ұстайтын дәрігер анаға да екпе салып, қан кету қаупінің алдын алды. Дәрігерден олардың хал-жағдайын сұрағанымда білікті маман Әсел Мейірманқызы анық да, баланың да жағдайы жақсы екенін жеткізіп, екі сағаттан кейін палатаға ауыстыратынын, толғақ барысында ешқандай мәселе болмағанын айтты.

Алғашқы сабымді Қызылорда қаласындағы «Ана мен бала» орталығында босандым. Алланың қалауымен екінші сабымді босануға аудандық перзентханаға келдім. Таң сәрінен қасында болып, баламды бауырыма басқанша қолдау көрсеткен алтынқолды дәрігерлер мен мейірбикелерге алғысым шексіз. Ана мен бала саулығын естен шығармай, тәулік бойы күресетін дәрігерлердің жұмысына сәттілік тілеймін, – дейді жас ана Айбарша Бекбайқызы.

Құрбым мен кішкентайының саулығына көз жеткізіп, палатаға ауыстырған соң бөлім меңгерушісі, акушер-гинеколог Райла Тәуекелқызының рұқсатымен журналистік жұмысыма кірістім. Қойын дәптеріме бөлімнің тыныс-тіршілігін түрпете кетейін деп, дәрігерді әңгімеге тарттым.

Бөлім меңгерушісінің айтуынша, бөлімде 5 босану бөлмесі мен босанғаннан кейін жататын 10 төсек орын бар. Аппатсына шамамен 10-11 айел перзентхана бөліміне жеткізіледі. Жылына 700-ге жуық бала өмірге келетін бөлімде 2 акушер-гинеколог пен 1 жаңа туған нәрестеге қарайтын дәрігер,

5 акушер мен 5 мейірбике қызмет етеді. Жыл басынан бері 104 бала дүниеге келген бөлімде наурыз құтты ай болған. Себебі жыл басынан бері жарық дүниеге келген нәрестелердің басым көпшілігі осы айда туған. 104 нәрестенің 1-еуі егіз және 47-сі қыз бала болса, 57-сі – ұл бала.

Өткен аптада бөлімде бірыңғай көпбалалы аналар болды. Олар 5-інші, 6-ыншы сабын бауырына басып, отбасына аман-есен қауышты. Қазіргі таңда бөлімде енді босанатын 1 ана мен босанған 5 ана бар. Олардың ішінде 1-еуі – көпбалалы ана, – дейді акушер-гинеколог Райла Аманжолова.

Іңгәлаған сәби дауысы мен перзентіне мейірлене қараған көпбалалы ана жатқан палатаның алдына келді. Барсақ, жас ана перзентханадан шығуға дайындық үстінде екен. Туыстары сәбидің есімін Айдай деп қойған. Бұған дейін де 4 қызды дүниеге әкелген анаға «Айдайдың бауы берік болсын, артынан Серік есімді іні өрсін» деп тілек білдірдік.

Кез келген отбасында ата-ананы үлкен бақытқа бөлейтін тұңғыш баланың орны бөлек. Әр ана үшін құрсағында тоғыз ай, тоғыз күн көтеріп күткен сәбиін аман-есен босанып, бауырына басқаннан асқан қуаныш жоқ. Дүниеге Муслим есімді ұл баланы

әкеліп, тәп-тәтті иісін құшарлана іскеп отырған Гүлмария Әлиханқызы бұл күнді 10 жыл күткен.

Акушер-гинекологтың айтуынша, жас ана бөлімге ай-күні жетіп, толғағып келген. Алайда тексеріс барысында баланың жүрек соғысында ақау барын байқаған мамандар өміріне қауіп төндірмес үшін анасының келісімімен жедел кесір тілігі арқылы ота жасауға бел бұған. Батыр бала Муслимнің салмағы – 3 келі 50 грамм болса, бойы – 51 см. Қазір өкеуінің де жағдайы жақсы. Үздіксіз дәрігерлердің бақылауында болатын жас ана перзентхана дәрігерлеріне алғысын жаудырды.

Иә, екі адамның өміріне бірдей жауаптылық таныту оңай жұмыс емес. Аналардың қуанышын еселеп, ауыртпалығын бірге көтеріп жүрген Райла Тәуекелқызы 17 жылға жуық жұмыс тәжірибесінде 3000-ға жуық нәрестенің кіндік шешесі атанған.

Адамға өмір сыйлайтын құтты бөлімде шілдіңір шілденің ыстығы мен қақаған қыстың аязына қарамай қызмет ететін мамандардың қашанда еңбегі өрен. Бөлім меңгерушісі қызмет бабында кездескен қиындықтар мамандарды кәсіби шыңдай түсетінін айтады. Оның айтуынша перзентхана бөлімінде соңғы жылдары ана мен бала өлімі тіркелмеген. Өріне мұндай

еселі еңбек – ұйымшыл ұжымның жемісті жұмысының нәтижесі.

Бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары Гүлсім Каюпова Райла Тәуекелқызының бөлімдегі тәжірибелі маман екенін айтады. Сондай-ақ ол өріптесінің аналардың өмірге дені сау ұрпақ әкелуі жолында қажырлы еңбегін де жоғары бағалайды.

Ол – өмір мен өлім арасында дәрменсіз жатқан қос бірдей жанның өміріне араша түсу арқылы көпшіліктің алғысына бөленіп жүрген, білікті маман, – деп өріптесінің қарым-қабілетіне ризашылығын білдірді.

Өріне ана мен бала өміріне жауапты болу оңай емес. Әйтсе де бөлімге түскен аналардың қуанышына қуанып, ауыртпалығын қаймықпай көтеретін перзентхана бөлімі сәт сайын түрлі тағдыр мөлдерімен толығып жатады. Сондықтан мұндағы мамандар уақытпен санаспайды. Осылайша бөлім меңгерушісімен сұхбатымызды «дәрігер, шұғыл көмегіңіз қажет. Бір әйел босанғалы жатыр» деген мейілін білдіріп, дабылы бұзды. Жарық дүниеге шыр етіп келуге асығып жатқан нәрестені көп күттірмейік деп, дәрігермен қоштасып, ана мен баланың аман-есен табысынан тіледік.

Ақтоғыс ЕРЖАНҚЫЗЫ

Маман кеңесі

Артериялық гипертензия: 47 науқас анықталған

Ауданда «артериялық гипертензия» диагнозымен I тоқсанда 47 науқас жаңадан есепке алынған. Жалпы жыл басынан бері аталған дертте шалдыққан 62 адам ауруханада ем алған. Негізінен артериялық гипертензия 100 адамның 30-40 пайызында кездеседі. Елу жақса дейін бұл аурудан ер адамдар жиі зардап шегеді. Көбіне бұл жастан кейін ол негізінен әйелдерде көптеп кездеседі.

Артериялық гипертензия артериялық қан қысымы 140 мм сынақ бағаннан жоғары болатын жағдайды айтады. Көп жағдайда артериялық гипертензия өзін көрсетпей мүмкін. Сондай-ақ кездейсоқ анықталуы да ғажап емес. Мысалы, медициналық тексеру кезінде немесе профилактикалық қан қысымын өлшеу кезінде анықталып жатады.

Дәрігерлер қан қысымын бас ауырып, мазаңыз болмай тұрғанда кем дегенде 3 рет әртүрлі уақытта өлшеуге кеңес береді. Мысалы, үшінші бақылау кезінде қан қысымының жоғарылауы тіркелсе, «адамда артериялық гипертензия бар» деп болжауға болады. Көп жағдайда адамдарда гипертонияның себептері белгісіз болады. Бастапқы гипертензияның белгілері көбінесе қарапайым шаршау белгілерімен сәйкес келеді.

Гипертония қауіпін күшейтетін негізгі факторларға генетикалық бейімділік, жас ерекшеліктеріне байланысты өзгерістер, артық салмақ, аз қозғалыстағы өмір салты, алкогольге тәуелділік, темекі шегу, стресс және жиі эмоционалды шиеленіс, созылмалы аурулардың болуы, жүрек ауруы, мен сыртқы факторлар жатады. Негізінен бұл дерттің 2 түрін белгілейді. Бірінші және негізгі түрі тәуелсіз ауру ретінде дамыса, келесісі организмде созылмалы аурулардың болуына байланысты дамиды.

Артериялық қысым жоғарылау кезінде науқас бастың желке тұсында ауырсынуына таңертең ұйқыдан оянганда, эмоционалдық қиналған кезде, кешке қарай күшеюі мүмкін. Бас айналуына, көздің қарауытуы, шу және құлақтың бітелуі, ұйқының бұзылуы, мазасыздану, көру нашарлауы, жүрек айнуы, құсу, мұрыннан қан кету, жүрек тұсында ауырсыну болады.

Тағы бір ескертетін жайт, науқас өзін жақсы сезінгенде артериалды қан қысымын өлшеу керек. Себебі өлшемей ауруды анықтау мүмкін емес. Тіпті ем болмаған жағдайда артериялық гипертензияның ұзақ ағымы оның асқындыруына толы және инфаркт, инсульт, жүректің ишемиялық ауруы, көзден қан кету, өкпе ісінуі, жіреу дамуының төмендеуі, жүрек, бүйрек жеткіліксіздігі сияқты ауруларды тудыруы мүмкін, сонымен қатар жалпы өлімнің артуына өкеледі.

Гипертонияның алдын алу езекті мәселе. Өйткені жыл сайын гипертониялық науқастардың саны артып, науқастар «жасарып» келеді. Көптеген қауіп факторын жою және салауатты өмір салтын сақтау гипертонияның алдын алуының негізгі шаралары болып табылады. Оларға алкоголь мен темекі шегуден бас тарту, тұзды тұтынуы шектеу, әртүрлі маринадалған қиярлар мен ұсталған еттерден бас тарту, дұрыс тамақтану, физикалық белсенділік, дене салмағын дұрыс ұстау, стресстік жағдайлардың, эмоционалдық қүйзелістердің алдын алу, уақытылы скрининг тексерілуі, қысым деңгейін жүйелі бақылау, психотерапиялық тренингтер мен аутогендік тренингтер жатады. Негізгі ауруды емдеуден алдын алған оңай.

Нүргүл ЖАХАНОВА,
аудандық аурухана
терапия бөлімінің
кезекші мейіргері

Маман мерейі

Ұлдана дәрігер

Емханаға науқастар қандай жағдайда түсетіні белгілі. Сондықтан дәрігерлер тәулік бойы көмек көрсетуге дайын болуы керек. Біз сұхбаттасуға келген Ұлдана Абайқызымен әңгімемізді науқасты тексеру барысында бастап кеттік. Әйтпесе ақ халатты маманның бос уақыты жоқ.

Емханаға кірген бойда қабылдау бөлімінде өбегерге түскен науқастың туыстары мен сабырға шақырған дәрігерлерді көзіміз шалды. Кейіпкеріміз Ұлдана Ысқақова да осы жерде екен. Маманның бос уақытын табу қиынға түсетінін аңғарып, дәрігерлерден рұқсат алып, науқастарға тексеріс жүретін орынға кіріп кеттік.

Емханада қызмет атқарып жүргеніміз 7 жыл болды. Расында олар әртүрлі диагнозбен келеді. Біздің міндет – ауруы асқынған шұғыл және жоспарлы түрде келген науқастарды ауруханаға орналастыру. Кейде алғашқы емшараны көрсеткеннен кейін науқастың жағдайы жақсарып жатады. Оларды толық тексерістен өткізіп, ем-шарасын жасап, үйіне қайтара береміз. Қазір кішкентай балалар көбірек түсіп жатыр. Оның ішінде пневмониямен тіркелуде. Яғни қызуы көтеріліп, жетел мазалап жатады. Одан бөлек ересектер қан қысымы көтеріліп, жүрек ауруы сынды дертпен шағымданып келеді. Қазірдің өзінде жұмыс уақыты басталғанына көп болмаса да 5 адам келіп түсті. Кейде күніне 40 адамға дейін түседі, бірақ бәріне үлгеріп, бірдей көмек беру қажет, біздің міндетіміз де осы, – дейді, дәрігер.

Кейіпкеріміздің тәжірибелі маман екенін жаңа түскен науқаспен жылы сөйлесіп, бар жағдайды жіті түсіндіруінен аңғардық. Әйтпесе денсаулығы үшін алаңдап, өбегерге түсіп тұрған адамды тыныштандыру бәрінің қолынан келе бермесі анық.

Әлгі келген науқас 6 жасар кішкентай бала екен. Шырылдап жүрген ана баласы үшін қатты уайымдап тұрғанын жүзінен-ақ көрініп тұр. Біз де дәрігердің тәжірибелі маман екенін көрген соң, науқастың анасына «балаңыз қазір-ақ аяғына тік тұрады» деп басу айтып қоямыз.

Алғашқы көмек көрсету үшін науқас жайында толық мәліметтер жиналып, қан тапсыруға жіберілді. Оның жауабы шығамын дегенше екінші науқас түсіп,

дәрігер Ұлдана сол палатаға кіріп кетті. Біз кедергі жасамас үшін бөлім ішін араладық.

Жалпы қабылдау бөлімінде 22 қызметкер жұмыс жасайды. Оның 1-еуі дәрігер, 1-еуі аға медбике, 14-і орта буын, 6-ауы кіші буын қызметкері екен. Ал бөлім 2021 жылдан бастап жаңа аурухана ғимаратына көшіріліп, ішінің бәрі қажетті заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған. Ішінде ашық кірме жолдар, триаж аймағына арналған науқастарды іріктейтін үлкен зал мен арнайы шұғыл түскен жоспарлы түскен науқастарды қабылдауға арналған үй-жайлар және түрлі жарақаттарға көмек көрсетуге арналған бөлме мен гинекологиялық қарау бөлмесі, екі бокс палата мен науқастарды диагностикалық бақылауда уақытша жатқызуға арналған 4, сондай-ақ ана мен балаға арналған арнайы, қарқынды емдеу палаталары бар.

Ұлдана Абайқызы әлгі науқастың талдау қорытындысын алып, тексеру нәтижесінде дәріден ұланғанына көз жеткізді. Әдетте адамдарда дәріні денсаулығын жақсарту үшін ішетін еді, ал біз дәрі ішіп ұлану жағдайын көріп аң-таңбыз. Дәрігер де онымызды аңғарған болуы керек, дереу кейдегі сан сауалдың түйінін тарқатты.

Бұндай науқас бірінші рет түсіп тұрған жоқ. Осы жағдайға немесе одан да кішкентай жастағы балалар дәріден ұлану диагнозымен жиі түсіп жатады. Себебі үйде тұрған әртүрлі дәрілерден ата-анасына айтпай, дәмін татып көргісі келіп ішіп жіберетін жағдайлар жиі орын алады. Кейбірі қан қысымын түсіретін ересектерге арналған дәрілерді, ал кейбірі мүлде басқа дәрілерді шатастырып ішіп қояды. Өріне мұның бәрі ата-аналардың балаларына дұрыс қарамауынан және дәрілерді кішкентай балалардың қолы жететін жерге қоя салуынан болады. Ал кішкентай балалар өнді жетіліп келе жатқандықтан оларға бәрі қызық. Сондықтан дәрілерді баланың



қолы жетпейтін жерде сақтаған жөн. Өздеріңіз көргендей, жаңа келген кішкентай бала да осы дәріден ұлану диагнозы бойынша түсіп отыр. Анасы сыртқа шығып кеткенде бала жалғыз қалып, ересектерге арналған қан қысымына байланысты үлкендер ішетін дәріні ішіп қойған. Жағдайы нашарлап, бала мазасызданған соң анасы бірден жедел жәрдем шақырып, осында алып келген – деді ол.

Осылайша баланың диагнозы нақтыланып, қажетті ем шара жүргізіліп, емханаға орналастырылды. Енді 7 күн

бойы дәрігердің бақылауында болады. Жағдайы жақсарған баласын көргеннен кейін анасының да көңілі жайланды.

Иә, расымен денсаулық – кез келген адам үшін баға жетпес байлық. Ал адам өмірін ұзартуға септігін тигізіп, ажалдан арашалаушы дәрігер мамандығын халқымыз ежелден-ақ қастерлеп, құрметтеген. Бұл мамандыққа адалдық таныту үлкен жауапкершілік жүктейтін бүгін көзімізбен көрдік.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

1 жылда 94 адамды кене шаққан

Былыр ауданда конго-қырым геморрагиялық қызбасымен 2 науқас тіркелген. Алайда олардың диагнозы зертханалық жолмен нақтыланбады. Жалпы өткен жылы 94 адам кене шағу жағдайымен медициналық көмекке жүгінген.

Кенелердің зақымдануын анықтау мақсатында ауданда зоолого-паразитологиялық топ жасақталып, кеңеге барлау, зерттеу жұмыстары жүргізілген. Нәтижесінде былыр 2 278 кене жиналып, 353 сынама зерттелді. Оның ішінде 59 кенеден (8 сынама) «оң» нәтиже анықталып, кенелердің жұқпалылығы 2,8 пайызды құрады.

Жұқпалылықтың жоғары пайызы Жалағаш кенті, Ақсу, Аққыр Мақпалкөл ауылдарының үлесінде. Эпизоологиялық болжамға сәйкес 2023 жылы ҚКҒҚ-ның негізгі таратушысы болып саналатын «Nyomoma» және «Dermosentor» тектес кенелер екені белгілі болды. Көктем маусымында кенелерден сақтанып, шаққан жағдайда медицина қызметкерлеріне жүгіну керек.

Бұл ауру көбінесе көктемде, жаз, күз маусымдарында жиі кездеседі. Ауруды негізгі тасымалдаушысы кене екені айтпаса да түсінікті. Оны қорғасуы қолмен ұстауға, езуге болмайды, әсіресе қой қырқымы кезінде өте сақ болған жөн. Мұндай кезде арнайы сақтану киімдерін кию қажет.

ҚКҒҚ-ның негізгі белгілеріне келсек, дене қызуы 38 градусқа және одан жоғары көтерілуі мүмкін. Бастың қатты ауруы, буйындардың сырқырауы, жүрек айну немесе құсу, іштің ауруы немесе өтуі де оның негізгі белгілері екенін қаперде ұстаған абзал.

Аурудың өршуі кезінде науқастың ауыз қуысынан мұрыннан, асқазаннан, ішектерінен әйелдерде жатырдан қан кету белгілері кездесуі мүмкін. Оның алдын алу шараларына мал қырқымы кезінде арнайы сақтану киімін кию, қора тазалағанда, табиғатта демалғаннан кейін киімді шешіп, мұқият тазалау жатады.

Кенені теріге жабықсқан орнынан тез арада қысқыш арқылы алу қажет. Шаққан жерді спиртпен, йодпен өңдеу керек. Малды және мал қораларды міндетті түрде залалсыздандыру маңызды.

Кене шаққанда немесе кенемен жанасу болған жағдайларда тез арада жергілікті емдеу мекемесінің дәрігеріне көрінуіңіз қажет. Табиғатқа шыққанда, ашық далада жұмыс істегенде дененің ашық жерлеріне және киімге кене азасында кері есер ететін немесе оны жоюға арналған арнайы сақтану құралдарын қолдану қажет.

Толқын ЕРТИЛЕУОВА,
Ақсу дәрігерлік емханасының
жалпы тәжірибелік мейіргері

Сәтбаевтың рухани әлемі

Әрбір адамды, тұтас халықты ғұмыр бойы алға жетелейтін, тағдыр мен тарихтың бұралаң жолдарында қандай қиындықтарға тап болса да рухы мен үміті жанып, алыстан бағдар сілтейтін Темірқазық сынды жұлдыз тұлғалар болады. Қазіргі кез келген қазақ баласы үшін, барша қазақ халқы, тіпті бүкіл адамзат ұрпағы үшін Қаныш Имантайұлы Сәтбаев сондай тұлға. Илияс Омаров дәл айтқандай, «тұтас дәуірдің жұлдыз тұлғасы» ол.



Көрген А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабайұлы, Ә. Еркемов сынды өзінің рухани ұстаздары мен пікірлес достарының, ағайын-туған-дарының әпербақан саяси билік тұзағына іліккеніне жүрегі қан жылай өкіне жүріп, өміршіл-өкімшіл жүйенің қасіретін бүкіл жан дүниесімен ұғынған Қаныш Имантайұлы бұл сөзді неге сеніп айтты екен?! Мұндаша мұқалмас ұлттық рух пен сенімнің, ұлттық намыс пен қайраттың қайнар көзі қайда жатыр? Осы сұрақтарға жауап іздей отырып, мен кейде өзімнің есімде қалған Сәтбаев бейнесін көз алдыма қайта елестетіп, әкемдей қамқорлық жасаған ұлы ұстазыммен болған жүздесуді жиі-жиі ой елегімнен өткіземін.

Иә, қазіргі ақсақалды академик ағаларымыздан бастап, олардың бүгінгі алпысты алқымдаған ізбасарларына дейін, біріміз-біріміз «Сәтбаевтың шекпеніне» шыққанбыз. Ол кезде академияда жай қызмет істедің өзі ең бір қадірлі де қастерлі лауазым іспетті еді. Ертелетіп ғылыми кітапханаға жетуге тырысатынбыз. Себебі сол кешіккен, кітапханадан орын жетпей қалуы мүмкін. Атшаптырым оқу залдарының қаңырап бос тұратыны қазір ғой, ол кезде ғылым мен білімге деген құштарлық бөлек еді.

Іздеген кітабымызды алып, орнымызды белгілеп болған соң, өңкей қылқандай жігіттер сыртқа асығатынбыз. Сондағы мақсат — сағат дәліме-дәл тоғызда академияның алдында машинасынан түсетін Қаныш ағаға сәлем беру. Жоқ, бұл жалпақтау да, жарамсақтану да емес еді. Есімі елемерге әйгілі ұлы тұлғаның қолын алып, хал-жағдайымызды сұрағанына төбеміз көкке жеткендей мез болып қалатынбыз.

Өлі есімде, 1961 жылдың сәуір айы болатын. Амалдың жоқтығынаң, үлкен кісінің мазасын алып, қабылдауына кіруге тура келді. Мәжбүр еткен тұрмыс жағдайым, дөлірек айтқанда, Сәкең, сол кездегі Философия және құқық институтының директоры, ардақты Салық Зиманов ағамыз. Алдында ғана тып-тыныш жұмыс істеп жүрген Химия институтынан «кандидаттық минимум тапсырғаныңнан байқадық», философиядан дайындығың жақсы екен сен бізге керексің» деп өзі шашырып алған Сәкең енді келіп, «Президентке бар, жағдайыңды айт, жатақханадан орын сұра» деп итермелемесі бар ма.

Шынында, ол кезде де Алматыда үй мәселесі қиын болатын. Бойдақ кезімде өлемей тұрып жатқан «тауық қорамның» қолысыздығы үйленген соң бадырайып бірден білінген. Амал жоқ, арызымды алып, Сәтбаевтың қабылдауына бардым.

Қорыққаным бекер екен, Қаныш аға бірден қабылдады. Үстінде алпақ қителі, қақырадай болып отыр. Хал-жағдайымды сұрады. Қандай тақырыпты зерттеумен айналысып жүргенімді сұрады. Мен тақылдап жауап беріп отырмын.

— Жаратылыстану ғылымының философиялық-әдіснамалық мәселелері дейсің бе? Жақсы екен. Бізде бұл мүлде зерттелмей жатқан сала. Ұлы философтардың көпшілігі жаратылыстанушылардан шыққан. Сен өзін Сергей Иванович Вавиловты білесің бе?

— Естуім бар.

Бүкіл одақ бойынша сенің тақырыбыңның білгірі сол кісі. Сенің Мәскеуге баруың керек. Оқуың керек, ғылым болу оңай емес. Көзіңнің оты бар екен. Бағытың да жақсы. Дұрыстап ізденсең, сенен үлкен ғылым шығады. Мен сені Мәскеуге оқуға жіберемін.

Рахмет айтқан болып, күмілжіңкіреп қалдым. Маған дәл сол сәтте Мәскеудегі

оқу емес, үй қажет еді. Қолымдағы қағазыма қарағыштап отырғанымды сезді ме, Қаныш аға жұлып алғандай: — Ол не? Арыз ба? — деді.

— Мен қағазымды ұсындым. Оқып шықты да, бетіне бір нәрсе жазып өзіме қайтып берді. Менде не жазғанын оқуға да мұрша жоқ.

— Жақсы, — деді Қаныш аға сәл-пәл үнсідіктен соң, — Карпинскийге бар. Әлгі менің айтқанымды ұмытпа.

Терлеп-тепшіп қабылдау белмесіне шықтым. Қаныш ағаның хатшысы Тамара аяп менің абдыраған түріме қарап күліп жіберді.

— Не болды, Әбдімәлік.

Мен тұкке түсінбегенімді білдіріп, қолымдағы қағазымды ұсындым.

— Ой, үй алыпсың ғой, саған үй беріпті, Ленин мен Киров көшелерінің қиылысындағы екі қабат үйден. Бір бөлме, 24 шаршы метр. Құтты болсын. Бар, Карпинскийге бар.

Сөйтіп мен бір айдан соң Алматының тұрақты тұрғынына айналдым. Экеден ерте айырылып, Алматыға арманымды ғана сәрік етіп келген маған Қаныш аға әкемдей қамқорлық жасап, бір ауыз жылы сөзімен төбемді көкке жеткізді. Күзде Мәскеуге, аспирантураға жолдама алдым. Амал не, үш жылдан соң сол Мәскеуде ұлы қамқоршымыздан мөңгіге айырылып қалдық.

Кейін өзге әріптестеріммен әңгімелесіп қарасам, Қаныш аға тек маған ғана емес, ғылым мен білімге ұмтылған барша қазақ жастарына қолыңан келгенше әкеліп қамқорлық жасаған екен. Бүгінде сан-салаалы отандық ғылымымыздың барша ауыр жолы көтеріп отырған — сол Сәтбаев шөкіртің. Шынайы ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы деген осы. Қазақстанның Ғылым академиясы, бұл — шын мәнінде Сәтбаев академиясы.

Сонымен әуелгі сауалымызға қайта оралайық. Қыруар ғылым, мемлекеттік және қоғамдық міндеттер атқара жүріп, өз заманының саяси дауылдарының өлтіне сан мәрте қыспаққа ұшыраса да, қарау қызғанақтық пен көп-көрінеу жалақорлықтың залалын көп тартса да, көңіліндегі рухын үмітін, болашаққа сенімін, ізгі мейірімін жоғалтпаған сүйегі асылдықтың сыры қайда жатыр?! «Менің халқым менен де биік» деп марқайтқан қандай сенімнің күші?!

Кейбір зерттеушілер Сәтбаев бойыншы мұндай тектілікті тамырын оның ата-бабалары шежіресінен іздеп, алыстан қазбалар шұжир. Бұл да қажет іс. Тектануға да, атақты әулеттер шежіресін қалпына келтіруге де қарсылық жоқ.

Мәселеге кең әлеуметтік-мәдени тұрғыдан қарауымыз қажет. Ең алдымен, Сәтбаев сынды сегіз қырлы, бір сырлы тұлға қандай істі қолға алса да кең пайымдап, ауқымды шешім табатын сұңғыла ғұлама — дәстүрлі қазақтың тәрбиесінің жемісі.

Сіре мұны «рухани үндестік» деп атасақ та болар. Тіпті әріге бармай-ақ қазақтың Алашорда қайраткерлерінің өмір жолын барлап қарасаңыз, олардың да өзге халықтар зиялылары арасында пікірлес дос-жарандары көп болғанын байқар едіңіз. Зиялылар бір-бірінің ұлттық мүдделеріне құрметпен қараған, қажет болған жағдайда сол ізгі мақсаттарына қолдау көрсетіп, қамқорлық жасаған. Ал туған халқының тағдырын жақсарту жолында атқарған істері теріс бағаланып, тоталитарлық саяси жүйенің құдалауына ұшыраған Алаш азаматтарының кейбіреулерін қауіп-қатерден қорғап қалуға ұмтылғандар да өзге халықтың зиялы қауымының өкілдері. Сондай-ақ Баянауыл ауданында халық соты болып қызмет

атқарып жүрген жиырма төрт жастағы Сәтбаевты да 1923 жылы Томск қаласындағы Технология институтына оқуға шақырған белгілі Алашорда қайраткерлері Әлімхан Еркемов пен Әбікен Сәтбаевтың досы Михаил Антонович Усов болатын. Қаныш Имантайұлының өзі де көрнекті орыс ғалымдары В. А. Обручевтің, М. А. Усовтың пікірлерін ілгері дамыта отырып, кең байлықтарды металлогениялық болжау әдістері турғысынан ашты. Сөйтіп әлемдік геология ғылымында оны саланың негізін қалады. Сәтбаев жаңалығы дүние жүзі ғалымдары тарапынан қызу қолдау тапты.

Қаныш Имантайұлы қашанда отандық ғылыми қауымды өлем зиялыларымен жалғастыруға ұмтылған. Оның Англияға, Қытайға барған сапарлары да, тіпті өзі қатысып үлгерме алмай кеткен Делидегі әлем геологтарының бірінші халықаралық конгресіне қалай дайындалғаны да осы ойымызды айғақтай түседі. Қазіргі біздің замандастарымыздың, зиялы қауым өкілдерінің халықаралық байланыстарды үзіп алмай әр тарапты әріптестерімен тығыз шығармашылық қарым-қатынас орнатуы қажет-ақ. Сәтбаев тағылымынан алар екінші түйін — осы.

Үшіншіден, Қаныш Сәтбаев — жиырмасыншы ғасырдың басында өсіп жетілген өкіл. Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлының соңына ерген ұлт зиялыларының бұл жаңа толқыны сыртқы ісімен де, ішкі мазмұнымен де XVIII ғасырдағы француз ағартушыларына ұқсайтын.

Жаңа толқын қазақ ғалым-ағартушылар, олардың арасында Сәтбаев та, Әуезов те бар, туған халқын өнер-білімге көнелту арқылы әлемдік өркениет көшіне ілестіруге ұмтылды. А. Байтұрсынұлының жаңа әліпби жасауды қолға алуы, Халел Досмұхамедовтің «Медицина», Мағжан Жұмаұлының «Педагогика», Жүсіпбек Аймауытұлының «Психология», Мұхтар Әуезовтің «Құрылыс материалдары», Қаныш Сәтбаевтың «Алгебра» оқулықтарын жазуға отыруы осы ізгі мақсат жолына бағытталған әрекеттер еді.

Бозбала Қаныштың Семей қаласындағы Абай көшір ұйымдастыруға белсене араласуы, А. Затаевичке қазақтың 25 әнін айтып беріп, нотаға түсіртуі, Баянауыл тауының бөктерінде «Еңлік-Кебек» спектаклін қойып, өзі де рөлде ойнауы, Мәскеуден «Ер Едіге» дастанын кітап етіп бастыруы, қазақтың тұңғыш театры туралы мақала жазуы — бәрі-бәрі атақ-даңқ қуғаннан емес, еліме, халқыма пайдам тиісін деген елгезек ниеттен туған ізгі істер болатын. Ел мүддесі жолындағы елгезектік, болашағы бар жасқа бар мейірім тәбетін ізгілік, өзіне қысастық жасаған адамға да кек сақтамай, ауышылықпен қарайтын аскеттік. Қаныш Имантайұлының жасынан бойына сіңірген әлгі дүниетанымдық-философиялық және ағартушылық-гуманистік мұраттарының көрінісі. Өмірлік ұстығына айналған осы асқақ мұрат оның өзін де шұрқау биікке көтерді. Ағылшын премьер-министріне «менің халқым менен де биік» деп айтқызыған да сол асыл мұратының мәңгілік шөптейтініне, кейінгі ұрпақтарының жүрегінде жалғасатынына деген сенім еді.

Әбдімәлік НЫСАНБАЕВ,
ҰҒА академигі

Көктемгі науқан: дала жұмыстары қарқынды

Биыл мамандар аяқ су мәселесі елі де күрделі болатынын айтады. Су мамандарының аузын бақсақ, ақылы «үнемдеу керек» дегеннен әріге бармай тұр. Сондықтан байтабындықтар биыл да егінді өртарапандыруға басымдық беріп отыр. Мәселен, биылғы маусымда күріш көлемін 300 гектарға қысқартқан. Есесіне суды аз қажет ететін дақылдарға басымдық беріп отыр. Бұл да тығырықтан шығуға толық сеп болары сөзсіз.

Оразбек ағамыздың құрылымы биыл 450 гектарға күріш салуға ниетті. Мұнан бөлек 300 гектарға жуық жоңышқасы тағы бар. Оның 80 гектары — жаңа жоңышқа. Жоғарыда айтқанымдай, жеке сол мақсат ортақ, алқап басындағы ауыл еңбеккерлері «Қайтсек қара күзде қырманды астыққа толтырамыз?» деген сауалдың қамымен жүр.

Байтабындықтардың әр жылды толайым табыспен қорытындылайтын жөні бар. Себебі бұл еңбек ұжымы ротація сақтауға үлкен мән береді. Ал ауыспалы егіс жүйесі сақталған алқапта өнім бітік шығары айтпаса да түсінікті.

Былыр шаруашылық «бақша саламын» деген ауыл тұрғындарына 2 гектар жоңышқалықтан тың жер ашып берілді. Онда қарапайым халық бақша өнімдерін баптап, қыстық азығын қамдап алған. Биыл да шаруашылық 2 гектар жер ашуға ниетті. Қартоп, асқабақ, сәбіз, қауын-қарбыз және басқа да бақша дақылдарын егемін деген елге осы маусымда да жағдай жасалмақ. Ал серіктестіктің елді мекенді көрейту-кеғалдандыруда қандай жобаларды қолға алып жатқаны халықтың көз алдында.

Айтпақшы биыл серіктестік шетелден күріштің «Король» сұрпын алып келген Тәжірибе есебінде оны 80 гектар алқапқа биыл себеді. Шаруашылықтың бұл бастаманы қолға алатындай жөні бар, себебі қазір жергілікті сұрыптардың барлығы шаршаған, соңғы 2-3 жылда күріштің бірнеше ауруы пайда болғаны бұл сөзімізді қуаттайды. Ал жаңа шетелдік сұрпы бірнеше ауруға төзімді екен.

1

Жария тыңдау: ауыз су тарифі қаралды



«Руханият» орталығында ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитеті облыс бойынша департамент басшысының орынбасары К. Кеңешбаева, «Нұра топтық су құбыры» ШЖҚ РМК «Арал» СЖҚБ филиалының директоры Н. Шамұратов сұры магістральдық құбыр жолдары және таратушы желілер ауданы беру қызметтеріне бекітуге берілген тарифтерінің жобасын талқылау бойынша тарапты тыңдау өткізді. Жынға аудан әкімінің орынбасары Әліби Байнахатов, аудандық мемспихат депутаттары, ауылдық округ әкімдері мен сала басшылары, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері және аудан тұрғындары қатысты.

Н. Шамұратов филиалдың жобалық орташа босату тарифі 1 текше метрге ҚҚС-сыз суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне биыл 725,54, 2025 жылға 753,38, 2026 жылға 753,39, 2027 жылға 777,90, 2028 жылға 829,02, 2029 жылға 869,21 теңгеден ұсынылғанын жеткізді. Сонымен қатар аталған департаментте қазіргі таңда қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес «шикізат және материалдар», «жанармай», «энергия», «жалақы», «әлеуметтік салық», «ағымдағы жөндеу» және тағы басқа да баптар бойынша түзетулер қарастырылып жатқаны айтылды.

«ЖЖ» ақпарат

Ережелер сақталса игі

Автокөлік жүргізушілері өрт жағдайына әрдайым дайын болуы керек. Ол үшін өртті ауыздықтау мен адамдарды құтқару тәсілдерін мұқият, ережеге сай автокөліктер өрт сөндіру құралдарымен жабдықталуы тиіс, ал жолаушы үрейге берілмеуі қажет.

Әрбір азамат өртті немесе оның жану белгілерін, яғни түтінді, күйкі ісіні, температураның жоғарылауын байқаған кезде 101 телефоны арқылы өртеке қарсы қызметіне хабарлауы керек. Бұл ретте мекен-жайың, өрт болған орынды, сондай-ақ өзінің аты-жөнін хабарлауға міндетті.

Адамдарды көшіру, өртті сөндіру және материалдық құндылықтарды сақтау жөнінде шаралар қолдану тиіс. Автокөліктен тоқ көздегінің жанған ісі шыққан жағдайда өк бірінші әрекет өздеріңізді жемекке тоқтатып, тоқ көзінен ажыратып, өрт сөндіріш құралымен өртті ауыздықтау қажет. Өртті сөндіруге арналған құралдың ең тиімдісі — өрт сөндіріш, себебі қолыңызда өрт сөндіріш құралы болған жағдайда тілсіз жаудың өршінуі жол бермей, дер кезінде жоюға, өміріңізге қауіп төндірмей ауқымды шығын келтірмеуге өз әсерін тигізетіні айқын.

Автокөліктегі электрмен дөнеркерлеу және басқа отпен байланысты жұмыстарды жүргізуді нұсқаулықтан өткен рұқсат құжаты бар мамандарға жасату керек. Адам өмірі мен денсаулығын өрттен қорғау, өрттің алдын алу, болдырмау мақсатында өрт қауіпсіздік ережесін қамтамасыз етуде осындай талаптардың сақталуы маңызды.

Еркін НАЗАРҚҰЛОВ,
аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы

2024 жылы II тоқсанда «Жалағаш аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммунальдық мекемесінде бөлім басшысының азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Ербол Ғабит Ербоұлы	Бөлім басшысы	Бейсенбі күні сағат 15.00-ден 18.00-ге дейін	Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №3	32-6-15, 31-3-35, 31-9-96

Алтын ұя



Шалғайдағы мектептің шаруасы шираған

Ауданда білім саласының соңғы жылдары серпін алғанын білеміз. Олай болуы да заңдылық, өйткені білім бар жерде өрлеу де бар, өсу де бар, жетілу мен кемелдену де толатамақ емес. Мұның барлығы осы мақсатта еңбек етіп жатқан жергілікті ұстаздардың еңбегі екеніне ешкімнің дауы жоқ. Жыл сайын аудан ҰБТ нәтижесімен, республикалық, қалаберді халықаралық білім бәйгелерінде топ жарып жүрген талапты шәкірттерімен қашанда алдыңғы қатарда. Осындай қарқынмен, қабілетпен, жүйелі жұмыс, жан-жақты ізденіс толатамаса, саланың кенжелеп қалмасы анық. Жаңадария ауылындағы №203 орта мектеп ұжымы да осы мақсатта нәтижелі еңбек етіп келеді. Шалғайдағы ауылға сапарымызда бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруда нәтижелі жұмысқа көз жетті.

Метеп ауласына кіргенде бір қарт кісінің мектепке ыстық махаббатпен қарап тұрғанын байқадық. Әңгімеге тартқанымыз сол еді, атамыз ағынан жарылды. Ол осы мектептің түлегі екен. Ақсақал балалық шағын мектептен байланыстырады, ыстық естеліктерінің бәрі осында екен.

Қазақстанда шөлді-шөлейтті аймақтарды игеру мақсатында мал шаруашылығымен айналысатын көптеген совхоз құрылды. Соның бірі 1964 жылы 27 қаңтарда алғаш қазығы қағылған Жаңадария еді. Совхоз директоры Ж.Бисариев ел көшіп келе бастағаннан мектеп жасындағы балаларды оқыту үшін бір бөлмелі бастауыш мектеп үйін салдырды. 1964-1965 оқу жылында бастауыш мектеп ашылды, алғашқы мұғалім және директорына Нағым Еспенбетов сайланды. 1967-1968 оқу жылында бастауыш мектеп сегіз жылдық болып, 10 сынып бөлмелі жаңа мектеп үйі салынды. Одан бері көптеген тарихи кезеңдерден өтіп, қазіргі 624 оқушыға арналған ғимаратқа 1970 жылы ауыл халқы қол жеткізген. Біз де сол жаңа салынған мектептің алғашқы түлектері едік. Немерелеріме де мектептің тарихын ұмытпау үшін үнемі айтып отырамын. Себебі қазіргі жастар бұл да үлкен тарих екенін сезінуі тиіс, – дейді Шағанбай Ағытаев.

Дәл осы ізбен білім ордасы жылдан-жылға жан-жақты шәкірттер тәрбиелеуде. Оқушылары үлкен бәлестерді бағындырып, пәндік олимпиада мен спорттық жарыстарда жеңіс тұғырынан көрінген. Ол да осында жұмыс жасайтын ұстаздардың еңбегі екеніне ешкім дау айта алмас.

Қазіргі таңда 90 шәкірт тәрбиелеп отырған білім ордасы былтыр жаңа форматқа сай күрделі жөндеу жұмыстарынан өткен. 50 парта, 100 орындық және компьютер құрылғылары табысталып, оқушылардың кедергісіз білім алуына жағдай жасалған. Сондай-ақ 25 балаға арналған «Береке» шағын орталығы ашылып, онда мектепке дейінгі балалар тәрбиеленеді. Жалпы мектеп ұжымы қазіргі заман талабына сай ел болашағын тәрбиелеу жолында мақсатты жұмыс істеп жатыр.

Ауыл мектебінде ғылыми жоба, олимпиадаларда жүлдегер атаңдардың үлесі басым. Быыл да алтын ұяда беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадалардың аудандық кезеңінде 2 оқушысы ІІ орын иеленсе, 2 оқушы «Қазақстан – менің жарқын болашағым» атты суретшілердің жалпыұлттық байқауының облыстық кезеңінде ІІ орыннан көрінген. Сондай-ақ 8 сынып

оқушылары арасында өткен «Qanat» олимпиадасында 1 оқушы аудандық іріктеуден өтіп, облыстық кезеңге жолдама алған. Қазір ол ұстазымен сол жарысқа қызу дайындық үстінде.

Бұл Жаңадариядағы білім ошағының мерейін асырып жүрген оқушылардың бірнешеуі ғана. Әрине осындай жетістіктерге жету үшін оқушылармен бірге күні-түні ізденіп, олардың кішігірім жүлдесіне қуана білетін ұлы мамандық иелерінің еңбегі өлшеусіз. Қазіргі уақытта мектепте 33 мұғалім жұмыс жасайды.

Білім саласында үздіксіз қызмет еткен ұстаздық жолда қаншама шәкіртті шыңдап, өміріне бағыт-бағдар берген талайды білім нәрімен сусындатып, қоғамға пайдалы азамат қалыптастырған әр адамның орны бөлек. Олар мектеп қабырғасынан орын алып, әрқайсысының есімі ерекше аталамақ Жер бетіндегі ең ұлы мамандықты тандаған ұстаздарымыз осы жолда аянбай тер төгуде. Шәкірттерінің үздік болуы да мұғалімдердің біліктілігіне байланысты. Олар жыл сайын білім деңгейін арттырып, түрлі курстардан өтеді. Одан бөлек мектепке де жөндеу жұмыстарын жүргізіп, білім алушыларға бар жағдай жасауға тырыстық. Түлектер де алтын ұяларының жағдайын жасауға қолдау білдіріп жатыр. Мысалы, физика пәнінің мұғалімі болған ардагер ұстаз Қасым Өтегеновтің балалары

мектептегі физика кабинетін заманауи жабдықтармен қамтамасыз етті. Қазір біз үшін ең бастысы, жақсы жұмыс атқарып, балаларға сапалы білім беру, – дейді мектеп директоры Ерлан Жүсіпбеков.

Айта кетейік, білім ордасында оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану, салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған 5 үйірме бар. Олардың 3-еуі спорт саласына тиесілі, қалғаны домбыра және қолөнерден шәкірттердің шеберлігін арттыруда. Үйірмелерге жалпы мектеп оқушыларының 78 пайызы қатысады.

Мұнда оқушыларды сапалы ыстық тамақпен қамтамасыз ету де бір ізге түскен. 61 оқушы ыстық тамақпен қамтылса, оның 16-сы бастауыш сынып оқушылары, қалғаны жағдайы төмен отбасы балалары.

Былтыр білім ошағын 4 оқушы төмамдаса, оның үшеуі ұлттық біріншілік тестілеуге қатысқан. Олардың екеуі мемлекеттік грантпен 1 оқушы ақылы ЖОО-да білім алуға қол жеткізді. Жалпы былтыр шалғайдағы алтын ұя ауданда орташа бапп бойынша көш бастады. Быыл Жаңадарияда екі оқушы мектеп бітіреді. Олар да бүгінде үлкен дайындық үстінде.

«Таланттың бәрі ауылда» деген бұрыннан қалыптасқан қағида бар. Аядай ғана ауылда өсіп жатқан жастардың арманы асқақ, алға қойған мақсаты айқын. Оны ауыл жастарымен кездесу қалсаңыз, ой-өрісі кең, ересек адамдарша сөз саптағанынан-ақ байқайсыз. Жастардың осындай ерекше ынта-жігерінің нәтижесі болса керек, олар спорт, білім саласында да жеңістік дөміні татып, ауыл мерейін тасытып келеді.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

Мектеп мақтанышы

Озат оқушы

Жаңадариядағы №203 орта мектепте білім бәйгесінде үздіктер қатарынан көрініп жүрген озат оқушылар қатарында бақ сынап, қарым-қабілетінің арқасында жүлделі орындардан көрініп жүрген ол бала күнінен сурет деген сырлы әлем арқылы ақ қағаз бетін өсемдеп, түрлі жанрдағы туындыларын бейнелеп жүр.

Ұлпанның бүгінге дейін жеткен жетістіктері аз емес. Ол Тәуелсіздік мерекесіне орай «Тәуелсіз елдің бақытты балалары» тақырыбында өткен сурет көрмесі мен «Дәрігерлерге мың алғыс» бейнероликтер байқауында І орын, «Табиғат – тап бесігім» қашықтан өткізілген бейнеролик байқауы мен «Біз есірткіге қарсымыз» облыстық фотосурет байқауында ІІ орын иеленген. Сондай-ақ 7-11 сыныптар арасында «Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасы сурет байқауында «комикс» жанры бойынша ІІ орын алған. Дәл осы жанрда «Қазақ ертегілері» тақырыбында өткен суретшілер сайысында ол І орыннан көрінді. Мұнан бөлек ҚР Конституциясының 25 жылдығында «Ата Заңым – алтын қазығым» атты байқау мен «Ауылым, қалам – алтын бесігім» үздік сурет республикалық сырттай байқауда ІІІ, 6-8 сыныптар арасында өткен аудандық эссе байқауында ІІІ, «Алтын қазына» көркем және сәндік қолданбалы өнер бойынша балалар шығармашылығының республикалық көрме байқауының І кезеңінде ІІІ орынды иеленген. Қатарынан екі жыл аудандық «Жас суретші» байқауында оның туындылары көш бастады. Сондай-ақ былтыр «Үздік оқушы» атанып, «Жыл оқушысы» байқауынан үздік үштікті түйіндеді.



Бүгінде түрлі бағытта, түрлі жанрда сурет салатын ол әлі де шығармашылығын шыңдай түсетінін айтады. Ой мен қиялды ұштастырып, одан туған туындысын шеберлікпен ақ қағазға бейнелей алатын өнерлі жастың фотосуреттер галереясы әлі де талай ерекше туындымен толықтап, Ұлпанның шығармашылығын айналамыз, талабын шыңдап, қанатының қатаюына жетекшілік жасаған Қалжан Бақтыбаева, байқауларда жеңімпаз болуына Галия Ильясова сәбелкер болған.

Шығармашылықтан бөлек ғылыми жобалар мен пәндік олимпиадаларда да мектеп абыройын асқақтатын озат оқушы 2022-2023 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша өткен республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде математика пәні бойынша ІІІ орын иеленген. Дәл осы бағытта 2023-2024 оқу жылында ІІ орын алды. Мұнан бөлек оқушылар арасында өтетін білім бәйгелерінде ол бірнеше мәрте жүлделі орындардан көрінді.

Бала күнінен өсіп шығарғанды жақсы көремін. Қазіргі таңда 10 сынып оқимын, ұлттық біріншілік тестілеуге дайындық үстіндемін. Таңдау пәнім – математика. Мектептегі ұлағатты ұстаздарымыз жолын жалғап, өзім де мұғалім боламын, – дейді Ұлпан Амандық.

«Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» демекші, Ұлпанның озат оқушылар қатарынан көрінуіне ұлағатты ұстаздарының қосқан үлесі зор. Олар әлі де шәкіртіне үлкен сенім арттады. Әлбетте мұндай жауапкершілікті кейіпкеріміз де жақсы сезінеді.

Ұлпан – мектебіміздің мақтанышы. Ол 1 сыныптан бері үздік оқушылар қатарында көш бастап жүр. Қазіргі таңда алға қойған мақсатына жету үшін қазіргі түлектермен қатар ұлттық біріншілік тестілеуге дайындалып, күндіз-түні оқудан бас алмайды. Қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып, мектепте өтетін іс-шаралардың барлығына атсалысады. Білім, өнер сайыстарының барлығы Ұлпанның қатысуымен өтеді десе, артық болмас. Себебі ол – мектептегі жан-жақты, үздік оқушы. Үнемі ізденіс үстінде жүріп, барлығына да уақыт табуға тырысады. Сабаққа да, жарысқа да, үйірмелерге де үлгеріп жатыр. Болашағынан үлкен үміт күттіретін оқушымыз «Алтын белгіге» үміткер, – дейді сынып жетекшісі Жазира Нурмаханова.

Озат оқушының қабілетін байқап, талантын шыңдауға мүмкіндік беріп, бағыт-бағдар көрсеткен мектеп ұжымының еңбегі өлшеусіз. Ұстаздарының айнасы болып, мектеп мақтанышына айналған Ұлпанның үлгі алар оқушы көп.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Маман мерейі

Білікті педагог

Таңсәриден әріптестерімен елді мекендердің тыныс-тіршілігімен танысып, ондағы білім ошақтарының бүгінгі жай-күйінен хабардар болу мақсатында жасаған сапарымыз Жаңадария ауылынан бастау алды. Ауылдағы №203 орта мектептің түлегі, 1987 жылдан бері білім іздеген жастарға дұрыс бағыт-бағдар, сапалы білім беруді мақсат еткен Салтанат Шатенова – ауылдағы алтын ұяда физика-математика пәнінің мұғалімі.



Бала күнінен есеп-қисапқа епті болған ол мектеп қабырғасында жүріп, түрлі байқау, олимпиадаларға қатысып, жүлделі орындар иеленген. Мектеп бітірер шақ таып, білім жоғары оқу орнында жалғастыруды көздеген жас талапкер ойландыра білікті ұстаздардан физика пәнінің қыр-сырын меңгеріп, сабақ берудің әдіс-тәсілдерін үйренуді мақсат етіпті.

Шәкірттерін шыңдап, үнемі ізденіс үстінде жүретін ұстаздың жетістігі де мол. Ол оқу-тәрбие жүйесін дамытуда көрсеткен кәсіби шеберлігі үшін аудандық білім бөлімінің, облыстық білім басқармасының және аудан әкімінің «Күрмет» грамотасымен марапатталған. «Жылдың үздік маманы» атты төсбелгі де кейіпкеріміздің кеудесінен орын алды. Сабақ барысында оқушыларды біліммен ғана қаруландырып қоймай, олардың қисынд ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін оқушылардың шығармашылық ізденісін, тапқырлығын, зеректігін, өмірге

ғылыми көзқарасын дамытуға сыныптан тыс «Физика ғылымға қызмет етеді», «Физика лирика», «Миллион кімге бұйырады?», «Физикалық дамино» сынды танымыдық ойындар қолданатынын айтады.

– Сабақта жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып өз бетінше есептерді шығара білу, шапшаңдық, шеберлік дағдыларын ұйымдас-тыра отырып сабақтар өткізуді қолға алдым. Осындай ақпарат құралдарын пайдалана отырып, сабақ барысында оқушылардың қабілетіне, білім деңгейіне, ын-тасына қарай топқа бөліп, өз бетінше еңбектенуге, ізденуге, шығармашылыққа баулып, қорытынды шығаруға машықтан-дырамын. Оқушының ақыл-ойын дамытып, сабаққа ынтысын арттырып, тапсырманы орын-дау барысында жіберілген қате-ліктерді уақытында анықтап, түзетуге мүмкіндік беремін, – дейді Салтанат Шаденова.

Ұстаз бақыты шәкірт алғы-сымен келеді. Салтанат Ер-алқызы да – шәкірттерінің арқасында алғысқа бөленіп жүрген бақытты ұстаз.

Білікті педагогтан білім алған балалар бүгінде өртүрлі салада жемісті еңбек етуде. Әр оқушының жеткен жетістігіне қуанып, өсімін мақтанышымен айтқан ұстаз шәкірттерінің ғылыми жұмыстар мен олимпиадалардан жүлделі орындар иеленгенін айтады. ҰБТ-ға дайындығы жемісті нәтиже көрсетіп, «Алтын белгі» иегерлерін

де түлеткен. Кейіпкеріміздің еңбегі «Ізденіс жолы» республикалық ғылыми, ақпараттық-танымдық педагогикалық журналына жарияланған. Еңбекте де, тұрмыста да атына кір келтірмей, облыстық, республикалық сайыстардың жеңімпазы атанған ұстаздың енегеге толы ғұмыры жас ұстаз-дарға да үлгі.

– 1988 жылғы оқушыларға сынып жетекші болдым. Сабаққа, тіпті емтихан тапсыруға келмейтін бір оқушы болды. Үнемі үйіне іздеп баратынымын. Менің келе жатқанымды алыстан байқап, қашып кететін. Оқушымыз үйіне іздеп барып, итін таланған кездерім де көп болды. Ұстаз болу тек сабақ берумен өлшенбейді. Біз «Қайтсек әр баладан озат оқушы, болашақ білікті маман қалыптастырамыз?» деген сауалға тынымсыз жауап іздейміз. Соңында осылай жүріп оқытқан балам бүгінде – беделді білімгер, – дейді ұстаз.

Иә, жас ұрпаққа білім, тәрбие беру оңай жұмыс емес. Әр баланың өзіндік ерекшелігі болады. Біз әңгімелеп отырған ұстаз еңбекқорлығымен, мол ізденісімен шәкірт көңілінен жол таба білген. Ой-өрісі жаңашыл, жоғары шығармашылықпен жұмыс істейтін, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу жолында жарқын болашақты қалыптасты-рушы ұлағатты ұстаз қашанда ардақты.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Меншік иесі:



Бас директордың міндетін атқарушы
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-56
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделуді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 584